

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**ЗАҢ СЕРИЯСЫ**  
2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**ЮРИДИЧЕСКАЯ СЕРИЯ**  
ИЗДАЕТСЯ С 2022 ГОДА

ISSN 2958-8618

---

**№ 3 (2024)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**  
**Торайгыров университета**

**Юридическая серия**  
выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

о постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания  
№ KZ90VРУ00046812

выдано

Министерством информации и коммуникаций  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация результатов научных исследований, актуальных проблем  
в области права, привлечение внимания к перспективным  
и актуальным направлениям юридической науки

**Подписной индекс – 76199**

<https://doi.org/10.48081/CEUB6499>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жетписов С.К.,  
*д.ю.н., доцент*

Заместитель главного редактора Олжабаев Б. Х., *к.ю.н., ассоц.профессор*  
Ответственный секретарь Жамулдинов В. Н., *к.ю.н., ассоц.профессор*

**Редакция алкасы – Редакционная коллегия**

Биштыга А.,	<i>доктор PhD, профессор (Республика Польша)</i>
Зайцев О. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., доцент</i>
Ишеков К.А.,	<i>д.ю.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Дуйсенов Э. Э.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Дорожинская Е. А.,	<i>к.ю.н., доцент (Россия Федерация)</i>
Балымов Е. К.,	<i>доктор PhD,</i>
Аюпова З. К.,	<i>д.ю.н., профессор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 10.77.51

<https://doi.org/10.48081/QVWE8374>**\*К. Т. Кабдулина**

Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

\*e-mail: [karla\\_pvl@mail.ru](mailto:karla_pvl@mail.ru)ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9028-8105>**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
БАЛА АСЫРАП АЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Ұсынылып отырған мақалада бүгінгі таңдағы балалар құқығын қорғау саласындағы маңызды мәселелердің бірі бала асырап алу проблемасы болып табылады. Бұл халықаралық бала асырап алу институтының пайда болуымен байланысты. Мұның себебі халықаралық бала асырап алу институты ерекше құқықтық реттеуді талап етеді.*

*Халықаралық бала асырап алу институты ілемдік тәжірибеге өткен ғасырдың орта тұсынан ене бастады. Біршама уақыт өткеннен соң шетелдіктердің бала асырап алуы үйреншікті іске айналды. «Халықаралық бала асырап алу» ұғымына сипаттама беру үшін алдымен құқық ғылымында қолданылатын «бала асырап алу» ұғымына талдау жасау керек. Бала асырап алу (қыз баланы асырап алу) — асырап алынған бала мен оны тәрбиелеуге алған тұлға немесе тұлғалар араата-анасының қамқорлығынсыз қалған және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұратын отбасыларға тәрбиелеуге берілетін балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау қажеттілігі халықаралық бала асырап алу рәсіміне ерекше көзқарасты қарастырады. Халықаралық бала асырап алуды құқықтық реттеудегі олқылықтар көбінесе коммерциялық қызметтің объектісіне айналған балалардың құқықтарының айтарлықтай бұзылуына әкелді. Қазақстан Республикасында халықаралық бала асырап алу жылдан жылға өсіп келеді.*

*Кілтті сөздер: халықаралық тәжірибе, асырап алу, шетелдіктер, бала құқықтары, конвенция, тәрбиелеу, ұлттық заң, отбасы.*

## **Кіріспе**

Халықаралық бала асырап алуға қатысты негізгі ережелер БҰҰ-ның 1989 жылғы Бала құқықтары туралы Конвенциясында бекітілген (20, 21-баптар). Бұл, біріншіден, оны «баланың шыққан елінде қандай да бір қолайлы күтімді қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде» ғана рұқсат етілген отбасылық ортасы жоқ балаларға күтім жасаудың балама әдісі ретінде тану. Екіншіден, бала асырап алу туралы мәселені шешуді мемлекеттің құзыретті органдарының қарауына жатқызу. Үшіншіден, басқа елде бала асырап алу кезінде мемлекетшілік бала асырап алу кезінде қолданылатын бірдей кепілдіктер мен нормаларды қолдану қажеттілігі. Төртіншіден, бала асырап алуды негізсіз қаржылық және басқа да пайда алуға әкелетініне жол бермеу.

Бұл қағидалар 2010 жылғы 12 наурыздағы Гаагадағы балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы халықаралық бала асырап алу мәселелеріне арналған арнайы мәтінде толық қабылданды және бекітілді. Шетелдік бала асырап алу «бір уағдаласушы мемлекетте («шыққан мемлекет») тұрақты тұратын бала басқа уағдаласушы мемлекетке («қабылдаушы мемлекет») не оны қабылдаушы мемлекетте ерлі-зайыптылар немесе әдетте қабылдаушы мемлекетте тұратын адам асырап алғаннан кейін не осындай асырап алу мақсатында көшіп келген, қоныс аударған немесе көшуге тиіс болғанда орын алады. (Конвенцияның 2-бабының 1-тармағы) [1,3-б.].

## **Материалдар мен әдістер**

Мәселе бойынша ғылыми құқықтық әдебиеттерді теориялық талдау бойынша заңнамалық және нормативтік құжаттарды талдау әдістері; сауалнама әдістері (сауалнама жүргізу); деректерді өңдеу бойынша әдістер қолданылған.

## **Нәтижелер және талқылау**

Гаага Конвенциясында бала асырап алуға қатысты БҰҰ - ның Бала құқықтары туралы Конвенциясы ережесінің неғұрлым егжей-тегжейлі нысаны табылды, сондай-ақ мұндай асырап алудың бірқатар жаңа ережелері бекітілді, мысалы, оны тануға қатысты (23-26-баптар) және құқықтық салдарлар (2-баптың 2-тармағы, 26, 27-баптар) конвенцияға сәйкес жиналған немесе берілетін жеке мәліметтерді тек тиісті мақсаттарға қолдануға рұқсат ету туралы (30, 31-бап) және т.б. Қатысушы мемлекеттердің ұлттық заңнамаларымен Конвенция нормаларының (28-бап) және халықаралық шарттармен арақатынасы (39-бап), өз аумақтарында екі және одан да көп құқықтық жүйесі бар мемлекеттердің конвенцияны қолдануы туралы ережелер ерекше маңызға ие (6, 36 – 38-б.) [2, 3-б.].

Гаага Конвенциясының көптеген ережелері Қазақстан заңнамасында көрініс таппайды. Осыған ұқсас бірқатар ережелер Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі қабылданғанға дейін де отандық отбасы құқығына тән болды, кейбіреулері кейіннен оған ішкі актілерді қабылдау арқылы енгізілді. Атап айтқанда, Гаага Конвенциясының ережелеріне шетелдік азаматтардың қазақстандық балаларды асырап алуына қолданылатын құқық туралы НжОК 97-1-бабының нормасына сәйкес келеді [3, 15-б.]. Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы Қазақстан Республикасының аумағында шетелдіктердің асырап алуы, оның ішінде мұндай бала асырап алудың күшін жою Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі. Шетелдіктер асырап алған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды бақылауды Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелері және Қазақстан Республикасының балалардың құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті органы жүзеге асырады. Жоғарыда аталған мемлекеттердің заңнамасынан басқа, бала асырап алу саласындағы мемлекетаралық ынтымақтастық туралы ҚР халықаралық шартының ережелерін ескере отырып, Қазақстан заңнамасының ережелері, атап айтқанда бала асырап алуға жол берілетін балалар туралы ережелер (НжОК 84-бабы); осындай балалар мен бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың құқықтары мен міндеттері (85-бап); бала асырап алудың тәртібі (87-бап); асырап алуға жататын балаларды және балаларды асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке алу (89-бап); бала асырап алушы болуға құқығы бар адамдар (91-бап), бала асырап алуға заңды өкілдердің келісімі (93-бап), Баланы ата-аналарының келісімінсіз асырап алу (94-бап), баланың асырап алуға келісімі (95-бап), бала асырап алушыларды асырауға алынған баланың ата-аналары ретінде жазу (99-бап), бала асырап алудың құқықтық салдары (100-бап). Гаага Конвенциясы Қазақстан Республикасында ратификацияланған [2, 6-б.].

Мемлекетішілік және халықаралық бала асырап алуға (мысалы, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаларды ғана асырап алуға беру мүмкіндігі; істердің осы санаты бойынша өтініш берушілерді мемлекеттік баж төлеуден босату; істі қарау кезінде өтініш берушілердің сот отырысына міндетті түрде жеке қатысуы; прокурордың, қамқоршылық органдарының ісіне қатысуы, халықаралық бала асырап алу саласында да нақты ережелер қолданылады [4, 94-б.]. Осылайша, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың асырап алуына, егер балаларды оның аумағында тұрақты тұратын ҚР азаматтарының отбасына тәрбиелеуге не балалардың туыстарына асырап алуға беру мүмкін болмаған жағдайларда ғана жол беріледі. Бала асырап алғысы келетін шетел азаматтары мен

азаматтығы жоқ адамдарды есепке алуды ҚР атқарушы билік органдары немесе атқарушы билік органы, яғни ҚР СІМ жүргізеді. Алайда, егер бала асырап алуға үміткерлер ҚР екі субъектісінің аумағында бала асырап алу үшін алдын ала алмаған жағдайда ғана СІМ-не есепке қою үшін тікелей жүгінуге жол беріледі.

Шетел азаматы Қазақстан Республикасының тұрғыны болып табылатын баланы асырап алуға тілек білдірсе, алдымен өзінің тұрақты мекенжайындағы мемлекеттің орталық органына өтініш жасайды. Сол шетел азаматы тұратын мемлекеттің орталық органы өтініш иелерін бала асырап алуға құқылы және бұған сәйкес деп таныған болса, олардың жеке тұлғасы, бала асырап алуды жүзеге асыруға жарамдылығы, биографиялық мәліметтері, дәрігерлік анықтамасы және отбасының тарихы, әлеуметтік ортасы, бала асырап алудың себептері, шет елдік бала асырап алуға қабілеттілігі туралы ақпараттарды баяндап, олардың қамқорлығына алынуы тиіс бала туралы мінездеме дайындайды [5, 187-б.]. Осы құжаттарды мемлекеттік лицензиялар негізінде қызметті жүзеге асыратын агенттіктер беретін ықтимал ата-аналардың қаржы жағынан әл-ауқаты, жеке басының адамгершілік қасиеттері туралы анықтамамен бірге, қорғаншы және қамқоршы органға бала асырап алғысы келетіні туралы жазбаша арыз тапсырады. Сонымен қатар бала асырап алғысы келетін шетелдіктер жеке өзі бала таңдап алуға және баламен екі апта бойы тікелей жақын араласуға міндетті болып табылады. Баланы асырап алуды бала асырап алуға тілек білдірген адамдардың (адамның) арызы бойынша сот жүргізеді. Бала асырап алу туралы істерді сот азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген ережелер бойынша ерекше іс жүргізу тәртібімен жүргізеді. Қазақстан Республикасы баласын асырап алу ниетін білдірген шетел азаматы асырап алғысы келетін баламен екі апталық қарым-қатынасты өткізгенге дейін шетелдіктермен берілген арыз Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 155- бабының 1-бөлігіне сәйкес қозғалыссыз қалдыруға жатады [6, 155-б.].

Баланың толық, жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жанұя жағдайында, бақыт, мейірім, махаббат аясында тәрбиеленуі қажеттігін, баланың өзі туған елден, сәйкесінше жанұя табылмаған жағдайда шет елдік бала асырау тұрақты отбасын қамтамасыз етерлік мүмкіндік беретінін мойындай отырып, әрбір мемлекет басым мақсат ретінде баланың өз отбасында тәрбиеленуін қамтамасыз ету үшін және баланы ұрлау, сату немесе саудалауды тоқтату үшін шаралар қолдану қажеттігін ескере отырып, халықаралық құжаттауда, атап айтқанда, 1989 жылы 20 қарашада жарияланған «Балаларды қорғау туралы» БҰҰ Конвенциясында, «Балаларды қорғауға және мүддесіне байланысты әлеуметтік және құқықтық принциптер туралы» БҰҰ Декларациясында,

1986 жылы 3 желтоқсанда жарияланған «Ұлттық және халықаралық деңгейде балаларды тәрбиелеу және оларды асырап алу туралы» БҰҰ Бас Ассамблеясының 41/85 ұйғарымында көрсетілген қағидаларды назарда ұстай отырып, 1993 жылы 25 шілдеде «Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алу қатынасындағы ынтымақтастық туралы» Конвенция Гаагада қабылданып, мемлекеттер өзара келісім жасасты [7, 16–6.].

Бұл Конвенцияның мақсаты: шетелдік азаматтармен асырап алынған баланың мүддесін және негізгі құқықтарын қамтамасыз ету; балаларды ұрлау, сату және саудалауды тоқтату үшін өзара келісім жасасқан мемлекеттердің ынтымақтастық жүйесін құру; Конвенцияға сәйкес келісім жасасқан мемлекеттерде Конвенцияға сәйкес жүзеге асырылған бала асырап алудың мойындалуын қамтамасыз ету. Шетелдік азаматтарға асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жүзеге асырады.

Конвенция мақсаттарының жүзеге асырылуы мен кепілдіктердің әрекет етуі үшін келісім жасасқан мемлекеттер Конвенцияға сәйкес міндеттерді орындау жүктелген органдардан орталық орган тағайындайды. Орталық органдар асырап алынған балаларды қорғау және Конвенцияда көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін бір-бірімен ынтымақтастықта болады және өз мемлекеттерінде толық құқылы үкіметпен өзара ынтымақтастықты дамытады. Олар өз мемлекеті заңдарына сәйкес бала асырап алуға қатысты ақпараттарды және статистика, стандартты формалар сияқты жалпы ақпараттарды жеткізіп, бірін-бірі конвенция әрекеті туралы баяндап отырады және оның қолданысына кедергі келтіретін барлық жағдайды жойып отыруы үшін тиісті шараларды орындайды. Баланы асырап алуға байланысты өзін ақтамайтын қаржылық немесе басқа да пайданы табу мақсатын көздейтін ұйымдарды жою мақсатында орталық органдар тікелей өздері немесе мемлекеттік билік арқылы барлық тиісті шараларды қолданады [8, 108–.].

Шетелдік азаматтарға асырап алуға берілген балаларға бақылау жасауды Қазақстан Республикасының шетелдегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері жүзеге асырады. Алайда осы шетелдік бала асырап алушыларды тексеруді жүзеге асыратын консулдық мекемелерде штат лауазымдарының жетіспеушілігі және консулдық қызметкерлердің асырап алынған балалардың тұруы мен тәрбиеленуін тексеруде кейбір шет мемлекеттердегі адамның жеке өміріне араласуға тыйым салынуымен байланысты қиындықтардың да болуын ескерген жөн.

Дүниежүзі бойынша балаларын халықаралық асырап алуға ұсынатын елдердің ішінде Қытай, Вьетнам, Қазақстан алғашқы орындарды алуда. Бала асырап алуға байланысты қызметтерін қаржылық негізде ұсынатын

ұйымдар агенттіктер деп аталады. Міне, осы бала асырап алу жөніндегі агенттіктердің ретке келтірілмеген қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын талдау айғақтайды. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының деректері бойынша, Қазақстан аумағында бала асырап алу жөніндегі шетелдік компаниялардың 28 өкілдігі жұмыс жасайды [5]. Алайда, республика аумағы бойынша 37 шетелдік агенттіктер аккредиттелген, бірақ оның 20 жуығы ғана тіркеуден өткен. Осылайша, Қазақстан аумағында жұмыс жасайтын бала асырап алу жөніндегі халықаралық агенттіктердің саны туралы деректер жүйеленбеген.

Америкада да бала асырап алу қызметін ұсынатын компаниялар жетерлік. Солардың бірі – «For This Child» («Осы бала үшін») деп аталады [9, 519-б.]. Аталған ұйымның ресми сайтында Қазақстаннан бала асырап алуға ұсынылатын бағалар белгіленген. Ұсынылған қызмет түріне баланың күллі құжаттарын реттестіру, кеңес беру, Қазақстандағы бала асырап алу ісін жәрдемдесетін арнайы ұжымның қызметі, үй жалдау, Білім және ғылым министрлігінің жұмысын түсіндіріп, министрлікпен және балалар үйінің өкілдерімен кездесу, аймақта бала асырап алудың барлық қадамын түсіндіру кіреді.

2013 жылдан 2023 жылға дейін 158 бала шетелге асырап алынды. Ведомствоның мәліметінше, 2013 жылға дейін шетелдіктердің асырап алған балаларын бақылау тек сыртқы істер министрлігіне жүктелген.

Көбінесе қазақстандық балаларды Еуропа елдерінің: Испания, Ұлыбритания, Германия, Италия, Австрия, сондай - ақ АҚШ, Канада және басқа да мемлекеттердің азаматтары асырап алады.

Белгілі болғандай, бүгінгі таңда 5 217 асырап алынған қазақстандық көмелетке толған. Сондай-ақ, заң бойынша бала шетелдіктерге оны туыстары, ел аумағында және одан тыс жерлерде тұратын Қазақстан азаматтары асырап ала алмайтын жағдайларда ғана асырап алуға берілуі мүмкін [10, 49-б.].

Өткен жылы Қазақстанға көрші Қырғызстан, Ресей және Түркиядан асырап алынған сегіз бала қайтарылды. Осы жылдың басынан бері тағы екі бала елге қайтарылды. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті басшысының орынбасарының айтуынша, көбінесе балалар ата-аналарының ажырасуы себебінен, олардың біреуі Қазақстанға оралғанда, екіншісі шетелде қалғанда қайтарылады.

Асырап алынған балаларды уақтылы есепке қоюды қамтамасыз ету үшін ҚР БҒМ әр 6 ай сайын консулдық мекемелерге асырап алынған балалар туралы ақпарат жіберуге міндетті. Консулдық мекемелер әрбір күнтізбелік жылдың соңында есепке қойылған балалардың тізімін ҚР БҒМ-не жібереді, сондай-ақ асырап алынған баланың құқықтары мен заңды мүдделерінің



бұзылуы және асырап алушылардың отбасындағы қолайсыздық туралы хабарлайды. Егер Ресей аумағында ҚР азаматы – балаларды асырап алуды шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ, бірақ Қазақстан Республикасының азаматтарымен некеде тұрған адамдар жүзеге асырса, онда Қазақстан Республикасының азаматтары үшін Неке және отбасы туралы кодексінде көзделген бала асырап алу тәртібі қолданылады. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық бала асырап алу шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар ҚР азамат - балаларын асырап алған жағдайларда ғана емес, Қазақстан Республикасының азаматтары басқа мемлекеттердің азаматтары болып табылатын балаларды асырап алған кезде де орын алады. Сонда бала асырап алуды белгілеу үшін баланың заңды өкілінің және бала азаматы болып табылатын мемлекеттің құзыретті органының келісімін алу, сондай-ақ егер бұл аталған мемлекеттің заңнамасына сәйкес талап етілсе, баланың бала асырап алуға келісімі қажет болады. Қазақстан Республикасының аумағында белгіленетін халықаралық бала асырап алудың негізгі шарты асырап алынатын көмелетке толмаған балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау болып табылады. Егер бала асырап алу немесе асырап алу нәтижесінде ҚР заңнамасында және ҚР халықаралық шарттарында белгіленген баланың құқықтары бұзылуы мүмкін болса, бала асырап алу бала асырап алушының азаматтығына қарамастан жүргізілмеуі мүмкін, ал бұрын жүргізілген құқықтар сот тәртібімен жойылуға жатады.

### **Қорытынды**

Жоғарыда келтірілген құқықтық механизмдер шетелдіктердің қазақстандық балаларды асырап алғанынан кейін олардың (балалардың) қоныс аударған мемлекетте өмір сүруі жағдайына, денсаулығына, білім алуы мен тәрбиеленуі жағдайына халықаралық деңгейде бақылау жасауға мүмкіндіктер берді.

Соңғы жылдары ұлттық заңнамамыздың шетелдіктердің бала асырап алуы саласында болған өзгерістерден кейін шетел мемлекеттері азаматтарының қазақстандық балаларды асырап алу фактілері азайды. Соңғы жылдардан бергі шетелдіктердің бала асырап алуы статистикасымен салыстырсақ, көрсеткіштер бірнеше есеге төмендеген. Бұл бірінші кезекте «дербес бала асырап алу» институтының жойылуымен, сондай-ақ шетелдік бала асырап алу істері бойынша қызмет ететін агенттіктерді аккредитациялау талаптарының күшеюімен байланысты. Сонымен қатар бұл жағдайға Қазақстан Республикасы азаматтарының бала асырап алу процедурасының жеңілдетілуі де ықпал етті. Аталмыш өзгерістер шетелдіктердің бала асырап алуы саласындағы үдерістердің тәртіпке түсірілгенін көрсетеді.

Дегенмен, шетелдіктер асырап алған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың халықаралық-құқықтық механизмдерін күшейту мақсатында: бала құқықтарын қорғау саласында халықаралық-құқықтық нормалар мен ұлттық заңаманы сәйкестендіру бойынша қызметті одан ірі жалғастыру керек, Қазақстан Республикасымен тең мәнді халықаралық міндеттемелері бар мемлекеттердің Прокуратура органдарымен Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы арасында халықаралық деңгейдегі ынтымақтастықты нығайту керек деп санаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Балаларды қорғау және баланы шетелдік асырап алуға қатысты ынтымақтастық туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 12 наурыздығы № 253-IV Заңы

2 **Буянова, Е. В.** Процедура усыновления по законодательству зарубежных стран: монография / Е. В. Буянова. – Оренбург : ООО ИПК «Уни&верситет», 2013 – 247 с.

3 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

4 **Бектурсын, З. Н., Авилхан, А.** Семейное право Республики Казахстан. Учебное пособие для студентов специальности 5В030100 Юриспруденция. Торайгыров университет. – 2019. – С. 144.

5 **Гетьман-Павлова, И. В.** Международное частное право : краткий курс лекций / И. В. Гетьман-Павлова. – 3-е изд., перераб. и доп. – М. : Юрайт, 2012. – 208 с.

6 Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы № 377-V ҚРЗ.

7 Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.

8 **Балтабаев, С. А.** Қазақстан Республикасында шетелдіктердің бала асырап алуының кейбір мәселелері. Қарағанды университетінің хабаршысы. – 2015. – 108–113 б.

9 Jean-Francois, Mignot (February 2015). «Why is intercountry adoption declining worldwide?» (PDF). Population and societies P. 519.

10 **Асильбекова, Ф. А., Абдрашева, Т.** Шетел азаматтарының Қазақстаннан бала асырап алуының құқықтық жағдайлары. ҚазҰУ Хабаршысы. – 2011. – 49–57 б.

## REFERENCES

1 Balalardy qorgau zhane balany sheteldik asyrap aluga qatysty yntymaqtastyqturaly konvenciyany ratifikaciyalau turaly Qazaqstan Respublikasyny 2010 zhylygy 12 nauryzdygy № 253-IV Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated March 12, 2010 No. 253-IV on ratification of the convention on the protection of children and cooperation in respect of foreign adoption of a child] [Text].

2 **Buyanova, E. V.** Procedura usynovleniya po zakonodatelstvu zarubezhnyh stran: monografiya / E. V. Buyanova. – Orenburg: OOO IPK «Uni&versitet», 2013 – 247 p. [The procedure of adoption under the legislation of foreign countries: a monograph / E. V. Buyanova. – Orenburg: IPK «Uni&versity» LLC, [Text]. 2013–247 p.].

3 Neke (erli-zajyptylyq) zhane otbasy turaly Qazaqstan Respublikasyn 2011 zhyly 26 zheltoqsandagy № 518-IV Kodeksi [Code of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2011 No. 518-IV on marriage (matrimony) and family.] [Text].

4 **Bektursyn, Z.N., Avilhan, A.** Semejnoe pravo Respubliki Qazaqstan. Uchebnoe posobie dlya studentov special'nosti 5V030100 YUrisprudenciya. Torajgyrov universitet. – 2019. – P. 144. [Family law of the Republic of Kazakhstan. Textbook for students of the specialty 5B030100 Jurisprudence. Toraigyrov University. – [Text]. 2019. – P. 144.]

5 **Get'man-Pavlova, I. V.** Mezhdunarodnoe chastnoe pravo : kratkij kurs lekcij / I. V. Get'man-Pavlova. – 3-e izd., pererab. i dop. – M. : YUrajt, 2012. – 208 p. [Mezhdunarodnoe private law: a brief course of lectures / I. V. Getman-Pavlova. – 3rd ed., redrab. and add-ons. Moscow: Yurait publ., [Text]. 2012, P.208]

6 Qazaqstan Respublikasyn Azamattyq procestik kodeksi Qazaqstan Respublikasyn Kodeksi 2015 zhylygy 31 qazandagy № 377-V ҚРЗ. [Civil Procedure Code of the Republic of Kazakhstan Code of the Republic of Kazakhstan dated October 31, 2015 No. 377-V kr.] [Text].

7 Qazaqstan Respublikasyndagy balанын құқықтары тuraly Qazaqstan Respublikasyn 2002 zhylygy 8 тамыздары N 345 Zany. [Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 No. 345 on the rights of the child in the Republic of Kazakhstan.] [Text].

8 **Baltabaev, S. A.** Qazaqstan Respublikasynda sheteldikterdiң bala asyrap aluynyn kejbir maseleleri. qaragandy universiteti habarshysy. – 2015. – 108–113 p. [some problems of adoption by foreigners in the Republic of Kazakhstan. Bulletin of Karaganda University. – 2015. – P. 108–113.] [Text].

9 Jean-Francois, Mignot (February 2015). «Why is intercountry adoption declining worldwide?» (PDF). Population and societies p. 519. [Text].

10 **Asil'bekova, F. A., Abdrasheva, T.** Shetel azamattaryn Qazaqstannan bala asyrap aluyn qyqyqtyq zhagdajlary. QazYU Habarshysy. – 2011. – 49–57 p. [legal conditions for the adoption of children by foreign citizens from Kazakhstan. Kaznu Bulletin. – 2011. – P. 49–57.] [Text].

03.07.24 ж. баспаға түсті.

29.07.24 ж. түзетулерімен түсті.

01.09.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*К. Т. Кабдулина

Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 03.07.24

Поступило с исправлениями 29.07.24

Принято в печать 01.09.24

## **ОСОБЕННОСТИ МЕЖДУНАРОДНОГО УСЫНОВЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

*Одной из важнейших проблем в области защиты прав детей на сегодняшний день является проблема усыновления. Это связано с появлением Международного института усыновления. Причина этого в том, что Международный институт усыновления требует особого правового регулирования.*

*Международный институт усыновления начал внедряться в мировую практику с середины прошлого века. Через некоторое время усыновление иностранцами стало обычным делом. Чтобы дать характеристику понятию «международное усыновление», необходимо сначала проанализировать понятие «усыновление», которое поддерживается в науке права. Усыновление (удочерение) – необходимость защиты прав и интересов детей, усыновленных (удочеренных), и лиц или лиц, взявших их на воспитание, оставшихся без попечения родителей и передаваемых на воспитание семьям, проживающим за пределами Республики Казахстан, предусматривает особый подход к международной процедуре усыновления (удочерения). Пробелы в правовом регулировании международного усыновления нередко приводили к существенному нарушению прав детей, ставших объектом коммерческой деятельности. Международное усыновление в Республике Казахстан растет из года в год.*

*Ключевые слова: международный опыт, усыновление, иностранцы, права ребенка, конвенция, воспитание, национальное право, семья.*

\*К. Т. Kabdulina

Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar

Received 03.07.24

Received in revised form 29.04.24

Accepted for publication 01.09.24

## **FEATURES OF INTERNATIONAL ADOPTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

*One of the most important problems in the field of protection of children's rights today is the problem of adoption. This is due to the emergence of the International Institute of Adoption. The reason for this is that the International Institute of Adoption requires special legal regulation.*

*The International Institute of Adoption has been introduced into world practice since the middle of the last century. After a while, adoption by foreigners became commonplace. To characterize the concept of «international adoption», it is necessary first to analyze the concept of «adoption», which is supported in the science of law. Adoption – the need to protect the rights and interests of children adopted and persons or persons who took them into care, left without parental care and transferred to families living outside the Republic of Kazakhstan, provides for a special approach to the international adoption procedure. Gaps in the legal regulation of international adoption have often led to significant violations of the rights of children who have become the object of commercial activity. International adoption in the Republic of Kazakhstan is growing from year to year.*

*Keywords: international experience, adoption, foreigners, child rights, convention, upbringing, national law, family.*

Теруге 04.09.2024 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,06 Мб RAM

Шартты баспа табағы 9,28.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректор: Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4283

Сдано в набор 04.09.2024 г. Подписано в печать 30.09.2024 г.

Электронное издание

1,06 Мб RAM

Усл.п.л. 9,78. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка А. К. Мыржикова

Корректор: Д. А. Кожас

Заказ № 4283

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

<https://vestnik.tou.edu.kz/>